


ҮНҚОСУ
ҚАЗАҚСТАН

Тарихымыздың шынайылығы- тәуелсіздігіміздің кепілі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында еліміздің тәуелсіздігін нығайту, мемлекетіміздің тұрақты да қарқынды дамуын қамтамасыз ететін мәселелерге жан-жақты тоқталған.

Атап айтқанда мемлекеттік тілдің дамуына баса назар аударған. Мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеруі туралы, жалпы мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы және міндеті деп үндеу тастады. Енді осы айтылған үндеудің жүзеге асуына бүкіл ел болып қызмет етуі қажет.

Мақалада ауылды дамыту және ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне баса назар аударылған. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында пайдаланылмай жатқан жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату өте маңызды мәселе деп көрсетті. Ауыл әкімдерін сайлау жөнінде ұсыныстары құптарлық жигдай. Егер осы мәселе оң нәтижесін берген жағдайда аудан әкімдерін сайлауға көшетімізді және жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе одан да жоғарғы деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз деп атап өтті.

Мақалада еліміздің шынайы тарихы жазуға бұрын беймәлім болған тарихи деректер, археологиялық қазыналардың табылғандығы айта келе, тарихшыларымыздың кешенді және жүйелі зерттеулер жүргізулеріне

Осы орайда тарихты жазуда әркім өзінің пайымдау негізінде емес, шынайы деректерге сілтемелер жасап, күмәнсіз тұжырымдамалар жасау қажеттілігі туындайды. Тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұхият зерделеудің маңыздылығын ескертті. Себебі қисынсыз, дерексіз жазылған еңбектердің пайдасынан гөрі зияны басым болады. Олардан шетел азаматтары пайдаланып, тарихымызға күмәнмен қарауына мүмкіндіктер туындайтыны сөзсіз. Тарихты шынайы деректер негізінде жазу еліміздің тәуелсіздігін және территориямыздың тұтастығын қорғайтын маңызды құжат болып есептеледі. Осы мәселелер мақаланың «Таңым мен тағылым» бөлімінде айтылған.

Мақалада еліміздің болашағы жастар екенін атап өтіп, оларды қолдау шаралары мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынды. Тәуелсіздік жылдарында жастарымызға әлемнің дамыған елдерінде білім алуына мүмкіндіктер жасалғаны жайында айта келе, өскелең ұрпақтың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосатындығына сенім білдірді. Осы жастардың ұлттық құндылықтарымызды, тіліміз, дініміз бен ділімізден айырылып қалмауына мән беруімізді айқындап атап көрсетті.

Сонымен қатар озық шетелдік тәжірибелерге ескере отырып, еліміздің даму ерекшелігіне және ұлттық мүддеге сай келетін жетістіктеріміз бен тәжірибелерімізді жоғалтпау керегі туралы ойлары мақалада өз дәрежесінде сипатталған.

Жалпы мақалада орын алған мәселелердің барлығы еліміздің жан-жақты өркендеуіне, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан мақаладағы ұсыныстар мен үндеулердің жүзеге асырылуына мемлекетіміздің әрбір азаматы атсалысуы қажет.

Мұрат ЖҰМАДІЛДАЕВ,

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің кафедра меңгеушісі, экономика ғылымдарының кандидаты.